



Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжіне 2018-2019 оқу жылына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары мен ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжіне оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар)) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №130 қаулысымен, (2016 жылғы 12 мамырда бекітілген

№ 288 Қазақстан Республикасының Үкіметінің өзгертулермен толықтырулар туралы қаулысы), «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 бұйрығымен, «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы №107-1346 қаулысымен оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

1. *Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжіне негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымы белгілейді.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі. Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.05.2016 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. 1. Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжіне тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымдарының басшылары жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясы құрылған.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

